

"Бензин, дизель отыны және мазут қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1372 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 153 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 қарашадағы № 1288 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 шілдедегі № 1004 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 № 1004 (2012.12.31 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Бензин, дизель отыны және мазут қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1372 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 153 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 20-21, 158-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Бензин, дизель отыны және мазут қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінде:

60-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-экологиялық сынып 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап;»;

«Бензин, дизель отыны және мазут қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентіне 1-қосымшада:

«Бензинінің сипаттамаларына қойылатын талаптар» деген кестеде:

м ы н а :

«

Жіберу клапандарындағы шөгінділер, артық емес (СЕС F-05-A-93)*	мг/клапан	50	30	30
--	-----------	----	----	----

»

деген жол алып тасталсын;

ескертпе алып тасталсын;

«Бензин, дизель отыны және мазут қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентіне 2-қосымшада:

«Дизель отыны сипаттамаларына қойылатын талаптар» деген кестеде:

«

Отын бүріккішінің тазалығы, артық емес (СЕС (PF-023) ТВА)*	Өткізу шығыны, %	85	85	85
--	------------------	----	----	----

»

деген жол алып тасталсын;
ескертпе алып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов